

**"Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 маусымдағы N 567 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасы Заңы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы**

2004 жылғы 17 маусымда Ташкентте жасалған Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы шеңберіндегі құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы (бұдан әрі - мемлекеттер) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы,

Тараптардың ынтымақтастығы барысында құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы

күрес туралы Шанхай конвенциясын және 2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

- 1) "мемлекеттік құпия" (мемлекеттік құпиялар) - оларды заңсыз тарату мемлекеттердің қауіпсіздігі мен мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін, мемлекеттер ұлттық заңнамаға сәйкес қорғайтын кез келген нысанда білдірілетін мәліметтер;
- 2) "құпия ақпарат" - мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымында - құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережесіне сәйкес мемлекеттік құпия (мемлекеттік құпиялар) ретінде қорғалатын Тараптардың ынтымақтастығы процесінде алынған (берілген) және (немесе) құрылған (ұйымдасқан) кез келген нысанда білдірілетін мәліметтер;
- 3) "құпия ақпарат (мемлекеттік құпия (мемлекеттік құпиялар) жеткізгіштері" - құпия ақпарат нышандар, үлгілер, белгілер, техникалық шешімдер және процестер түрінде өз көрінісін табатын материалдық объектілер, оның ішінде физикалық өрістер;
- 4) "құпия ақпаратты қорғау" - құпия ақпаратты заңсыз таратуды болдырмау және оның жеткізгіштерін сақтау мақсатында қабылданатын құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық, инженерлік-техникалық және өзге де шаралар;
- 5) "құпия ақпаратты заңсыз тарату" - құпия ақпаратты жария ету немесе осындай ақпаратты таратудың белгіленген тәртібін (ережесін) бұзу, соның салдарынан ол оған енуге рұқсаты жоқ адамдарға белгілі болады;
- 6) "құпиялылық белгісі" - құпия ақпаратты (мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) жеткізушіде қойылатын және (немесе) оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін, олардың жеткізушісінде қамтылған мәліметтердің құпиялылық дәрежесін к у ә л а н д ы р а т ы н деректеме;
- 7) "мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсат ету" - жеке тұлғалардың мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) ену құқығын ресімдеу рәсімі;
- 8) "құпия ақпаратқа ену" - мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) тиісті рұқсаты бар жеке тұлғаны құпия ақпаратпен таныстыру процесі;
- 9) "рұқсат нысаны" - мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес ресімделетін, жеке тұлғаның тиісті құпиялылық дәрежесі бар мемлекеттік құпиямен (мемлекеттік құпиялармен) танысу құқығын бекітетін құжат;
- 10) "тергеу" - құпия ақпаратты заңсыз тарату жағдаяттарын, оған қатысы бар тұлғаларды, келтірілген зиянның сипаты мен көлемін, сондай-ақ құпия ақпараттың заңсыз таралуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында Тарап

ұлттық заңнамаға немесе қабылданған рәсімдерге сәйкес қабылдайтын тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу және өзге де шаралар жиынтығы;

11) "Тараптардың өкілдері" - Тараптар органдарының немесе ұйымдарының лауазымды және (немесе) өзге де уәкілетті тұлғалары.

## **2-бап**

1. Осы Келісімнің мәні - құпия ақпаратты қорғау саласындағы және оның заңсыз таралуының ықтимал фактілеріне байланысты тергеудегі Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы болып табылады.

2. Тараптардың құзыретті органдары арасында құпия ақпаратты беру тікелей, дипломатиялық арналар, фельдъегерлік қызмет бойынша немесе берілетін ақпаратты қорғауды қамтамасыз ететін ақпаратты берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

## **3-бап**

1. Әрбір мемлекет өз міндеттерін осы Келісімге сай егеменді теңдік, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидаттарына, ұлттық заңнамаға және осы Келісімге сәйкес жүзеге асырады.

2. Осы Келісімде ештеңе де Тараптарға тек басқа Тараптың құзыретіне кіретін заңдық құзырды және функцияларды жүзеге асыру құқығын бермейді.

## **4-бап**

1. Құпия ақпараты бар зияткерлік қызметтің нәтижелеріне ерекше меншіктік құқықтарды және осындай ақпарат жеткізгіштеріне меншіктік құқықтарды беруді берген Тараптың құзыретті органы жүзеге асырады.

2. Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы процесінде жасалған құпия ақпараты бар зияткерлік қызметтің нәтижелеріне ерекше құқықтар туралы мәселе, оған тең ынтымақтастық барысында құпия ақпарат заңсыз таралған жағдайда ықтимал залалдарды өтеуге қатысты талап-тілектерді реттеу тәртібі мемлекеттердің ұлттық заңнамасы, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы рәсімдерінің және халықаралық шарттардың негізінде шешіледі.

## **5-бап**

Осы Келісім шеңберінде Тараптардың құзыретті органдары алмаса алатын құпия ақпараттың құпиялылық дәрежелері және оның жеткізгіштері үшін осы дәрежелерге сәйкес келетін құпиялылық белгілері мынадай түрде салыстырылады:

Қазақстан Республикасында	- өте құпия, құпия
Қытай Халық Республикасында	- құпия, жасырын
Қырғыз Республикасында	- өте құпия, құпия
Ресей Федерациясында	- өте құпия, құпия
Тәжікстан Республикасында	- өте құпия, құпия
Өзбекстан Республикасында	- өте құпия, құпия
Шанхай ынтымақтастық ұйымында	- өте құпия, құпия.

## 6-бап

1. Мемлекеттер осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдарды белгілейді және осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалған күнінен бастап 30 күн ішінде бұл туралы депозитарийді жазбаша нысанда х а б а р д а р е т е д і .

2. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы Шанхай ынтымақтастық ұйымы тарапынан құзыретті орган болып табылады.

## 7-бап

Тараптардың құзыретті органдары ұлттық заңнамада, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның кеңесі қабылдаған Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымында құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережелерінде және осы Келісімде көзделген тәртіппен ынтымақтастық процесінде пайдаланылатын құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

## 8-бап

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитетінде құпия ақпаратты қорғауға жауапты арнайы уәкілетті адамдар тағайындалады, олар құпия ақпарат жеткізгіштерді алады, сақтайды, көбейтеді, таныстырады, береді және жояды, оларды пайдалануды бақылайды.

2. Мемлекеттерде құпия іс жүргізу ұлттық заңнамаға, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымында - құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

## 9-бап

1. Әрбір мемлекет және Шанхай ынтымақтастық ұйымы тиісінше: құпиялылық дәрежесіне сәйкес келетін құпия ақпаратқа осы Келісімнің 5-бабына сәйкес салыстырмалы құпиялылық дәрежесі бар мемлекеттік құпияға (мемлекеттік

құпияларға) қатысты қолданылатын қорғаудың осындай шараларын қолдану;  
басқа мемлекеттер ресімдеген мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсат е т у д і т а н у ;

Тараптардың өкілдеріне оларға мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) қорғау кезінде жүктелетіндей құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі о с ы н д а й м і н д е т т е р д і жү к т е у ;

олар азаматы болып табылатын мүше мемлекеттерде ресімделген мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсаты бар Тараптардың өкілдеріне Тараптар ынтымақтастығы шеңберінде қызметтік міндеттерді атқару мақсатында құпия а қ п а р а т қ а р ұ қ с а т б е р у ;

басқа Тараптан алынған құпия ақпаратты тек оны берген кезде көзделген м а қ с а т т а р ғ а п а й д а л а н у ;

құпия ақпаратты берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз оған ену рұқсатын үшінші тарапқа бермеу үшін заңнамалық және басқа да шаралар, сондай-ақ е р е ж е л е р қ а б ы л д а й д ы .

2. Әрбір мемлекет ұлттық заңнаманың негізгі қағидаттарына сәйкес ауыр зардаптарға әкеліп соқтырған құпия ақпаратты қасақана заңсыз таратуды қылмыстық жазалауға жататын әрекет ретінде тануы үшін талап етілуі мүмкін сондай заңнамалық және басқа да шараларды қабылдайды.

## **10-бап**

1. Әрбір мемлекет өздері Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымына құпия ақпаратты пайдаланумен байланысты тұрақты жұмысқа жіберген адамдарға мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсат етудің тиісті нысанын ресімдейді және бұл туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитетін жазбаша түрде хабардар етеді. Бір жолғы баруға жіберілген тұлғаларда, қажет болған жағдайда, мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсат етудің тиісті нысаны болуы тиіс.

2. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы комитеті мемлекетті өздерінің лауазымды адамдарында мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсаттың тиісті нысанының бар екені туралы хабардар етеді .

## **11-бап**

Мемлекеттердің құпия ақпаратты беруі ұлттық заңнамаға, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымында - құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

## 12-бап

1. Алынған құпия ақпарат жеткізгіштеріне оларды алуға жауапты құзыретті орган осы Келісімнің 5-бабына сәйкес құпиялылық белгілерінің салыстырмалылығы туралы қосымша мөртабандар басады.

Құпиялылық белгілерінің салыстырмалылығы туралы мөртабандар басудың міндеттілігі, аудару, көшірме жасау немесе көбейту нәтижесінде пайда болған құпия ақпарат жеткізгіштеріне қолданылады.

Егер құпия ақпарат басқа жеткізушіге ауыстырылған немесе көшірілген жағдайда, оған түпнұсқаның құпиялылық белгісіне сәйкес келетін құпиялылық белгісінің салыстырмалылығы туралы мөртабан қойылады.

Берілген құпия ақпараттың негізінде пайда болған құпия ақпарат жеткізгіштеріне берілген құпия ақпараттың құпиялылық белгісінен төмен емес жерге құпиялылық белгісінің салыстырмалылығы туралы мөртабан басылады.

Құпия ақпараттың жеткізгіштерін мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің 5-бабына сәйкес салыстырмалы құпиялылық белгісі бар мемлекеттік құпияның (мемлекеттік құпиялардың) меншікті жеткізгіштеріне қатысы бойынша қолданылатын талаптарға сәйкес, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымында - құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережелеріне сәйкес есепке алады, сақтайды және жояды.

2. Алынған құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі берген Тараптың құзыретті органының жазбаша рұқсатымен ғана өзгертілуі немесе алынуы мүмкін.

3. Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы процесінде жасалған зияткерлік қызмет нәтижелерінде бар құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін өзінің ұлттық заңнамасының негізінде немесе құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережелеріне сәйкес жасалған зияткерлік қызмет нәтижелеріне ерекше құқықтардың иегері белгілейді.

4. Құпия ақпарат жеткізгіштерінің жойылғандығы туралы оны берген Тараптың құзыретті органы жазбаша хабардар етіледі.

## 13-бап

1. Құзыретті органдар осы Келісімнің іске асуы үшін қажетті көлемде өз Тараптарының мемлекеттік құпияны (мемлекеттік құпияларды) және құпия ақпаратты қорғау саласындағы тиісті нормативтік құқықтық актілерімен, өзге де актілерімен және рәсімдерімен алмасады.

2. Тараптардың құзыретті органдары ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімді іске асыру кезінде олардың біреуінің сұрауы бойынша бірлескен консультациялар өткізеді.

## 14-бап

1. Жіберуші Тарап өкілдерінің құпия ақпаратқа рұқсат етілуі көзделген қабылдаушы Тараптың құзыретті органына олардың құпия ақпаратқа енуін көздейтін сапары қабылдаушы Тараптың құзыретті органының Тараптардың ұлттық заңнамасына немесе рәсімдеріне және осы Келісімге сәйкес қабылданған шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Жіберуші Тарап өкілдерінің бару мүмкіндігі жөніндегі өтініші, егер құзыретті органдар өзгеше келіспеген болса, қабылдаушы Тараптың құзыретті органына болжанған сапарға дейін 30 күннен кешіктірілмей жолданады. Көрсетілген өтініш қабылдаушы Тарапта қабылданған заңнамаға немесе рәсімдерге сәйкес жазылады, және ол мынадай деректерді қамтуы тиіс:

Тарап өкілінің тегі, аты және әкесінің аты, оның азаматтығы, жеке басын растайтын құжатының (төлқұжатының) нөмірі;  
лауазымы көрсетіле отырып, олар білдіретін органның атауы;  
тиісті құпиялылық дәрежесі бар мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) рұқсатының болуы;  
танысу қажет болатын құпия ақпарат;  
сапардың болжанған күні, жоспарланған ұзақтылығы және мақсаты.

3. Қабылдаушы Тараптың құзыретті органы жіберуші Тараптың өкілдерін қабылдаушы Тараптың құпиялылық дәрежесі сәйкес келетін құпия ақпаратпен (мемлекеттік құпиямен (мемлекеттік құпиялармен) жұмыс істеу ережесімен таныстырады. Жіберуші Тараптың өкілдері аталған ережелерді сақтайды. Жіберуші Тараптың өкілдері өздерінің қабылдаушы Тараптың құпиялылық дәрежесі сәйкес келетін құпия ақпаратпен (мемлекеттік құпиямен (мемлекеттік құпиялармен) жұмыс істеу ережелерімен танысқандықтарын және оларды сақтайтындықтарын жазбаша куәландырады.

4. Жіберуші Тарап өкілінің құпия ақпаратқа (мемлекеттік құпияға (мемлекеттік құпияларға) енуі осы бапта көрсетілген шарттарды орындаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

## 15-бап

1. Мемлекеттер, егер тиісті Келісімде өзгеше көзделмесе, өздерінің аумақтарында құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты туындаған шығыстарды дербес көтереді.

2. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымындағы құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге арналған шығыстар Шанхай ынтымақтастық ұйымының бюджетінен жүзеге асырылады.

## **16-бап**

1. Құпия ақпаратты заңсыз тарату фактісі анықталған жағдайда Тараптар консультациялар өткізеді, талқылауды жүзеге асырады және оның нәтижелері туралы бір-бірін хабардар етеді.

2. Құпия ақпараттың заңсыз таралуына жол берген тұлға мұндай бұзушылықтың кез келген жағдайында өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің заңдық құзырында болады. Егер де бұл тұлға азаматтығы жоқ тұлға болып табылса, онда ол аумағында тұрақты тұрып жатқан мемлекеттің заңдық құзырында болады.

3. Мемлекеттер құпия ақпараттың заңсыз таралуы фактілерін тергеу кезінде - ұлттық заңнаманы, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы - онда қабылданған тәртіптік рәсімдерді қолданады.

4. Мемлекеттер ұлттық заңнамада және құқықтық көмек, қылмыстық өндірістерді беру және өзара алмасу мәселелері бойынша өз араларындағы халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен құпия ақпаратты заңсыз таратуға байланысты тергеуде, ізге түсуде және сот талқылауында бір-біріне барынша кең көлемде жәрдем көрсетеді. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы қабылданған рәсімдерге сәйкес тергеуді жүзеге асырып жатқан мемлекетке оны жүргізуде барынша кең көлемде жәрдем көрсетеді.

5. Құпия ақпаратты оның заңсыз таратылуымен меншік құқығы иесіне келтірілген залалдың көлемі мен өтеу тәртібі Тараптар арасындағы жеке келісіммен айқындалады.

## **17-бап**

Осы Келісім Тараптардың осы Келісімнің мәні болып табылатын және оның мақсаттарына қайшы келмейтін мәселелер бойынша басқа халықаралық шарттар жасасу құқығын шектемейді, сондай-ақ Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

## **18-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар Тараптар арасындағы келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешіледі.

## **19-бап**

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты жүзеге асыру кезіндегі жұмыс тілі орыс және қытай тілдері болып табылады.



## **20-бап**

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 21-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **21-бап**

1. Осы Келісім мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындағаны туралы жазбаша нысандағы хабарламаларының соңғысын депозитарий алған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

2. Осы Келісімнің депозитарийі Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы болып табылады. Депозитарий осы Келісімнің куәландырылған көшірмелерін оған қол қойылған күннен бастап 15 күн ішінде мемлекеттерге жібереді.

3. Депозитарий осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттің ол белгілеген құзыретті органы туралы хабарламасын алғаннан кейін 15 күн ішінде басқа мемлекеттерге оның атауы туралы хабарлайды.

## **22-бап**

Осы Келісім 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қатысушы болып табылатын басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің оның қосылғандығы туралы құжатты алған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

## **23-бап**

Егер мемлекеттер өзге туралы келіспесе, осы Келісім мерзімсіз болып табылады. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда оның ережелері құпия ақпаратқа қатысты одан құпиялылық белгісі алынғанға дейін қолданылатын болады.

2004 жылғы 17 маусымда Ташкент қаласында орыс және қытай тілдеріндегі бір түпнұсқа данада жасалды әрі екі тілдегі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Қытай Халық Республикасы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін*

*Ресей Федерациясы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*

*Өзбекстан Республикасы үшін*

*Шанхай ынтымақтастық ұйымы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК